

Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанынан Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 29 сәуір N 604. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.02.07. N 169 қаулысымен.

Мемлекеттің қатысуымен экономиканың мемлекеттік секторындағы өндірістік кәсіпорындарды реформалау жұмысын жетілдіру және жандандыру, өзін-өзі ақтамайтын мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарды қайта ұйымдастыру және қаржы-экономикалық жағынан сауықтыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанынан Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік құрылсын (бұдан әрі - Агенттік).

Агенттікке:

мемлекеттің қатысуымен экономиканың мемлекеттік секторындағы реформалау, банкроттық туралы зандарды жүзеге асыру, өзін-өзі ақтамайтын мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарды қаржы-экономикалық сауықтыру тетігі бойынша мемлекеттік саясатты жүргізу;

өзін-өзі ақтамайтын мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарды мемлекеттің қатысуымен жою және құрылымдық қайта құру, қайта ұйымдастыру жөніндегі шараларды өзірлеу мен жүзеге асыру;

мемлекеттің қатысуымен өзін-өзі ақтамайтын мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарды қаржы-экономикалық сауықтыру тетігін жүзеге асыру үшін қажетті нормативтік және әдістемелік база құру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

қаржы-экономикалық сауықтыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру кезінде мемлекеттің экономикалық мүдделерін ұсыну және қорғау, өзін-өзі ақтамайтын мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарды мемлекеттің қатысуымен жою және қайта ұйымдастыру жүктелсін.

2. Агенттіктің орталық аппараты қызметкерлерінің саны 25 адам болып және бір қызметтің автомобиль лимиті белгіленсін.

3. Агенттіктің орталық аппаратының қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің орталық аппараты қызметкерлеріне

көзделген еңбек ақы төлеу, материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету және медициналық қызмет көрсете жағдайлары қолданылсын.

Агенттік директорының лауазымы медициналық және тұрмыстық қамтамасыз ету, көліктік қызмет көрсете жағдайлары бойынша Қазақстан Республикасы министрінің орынбасары лауазымына теңестірілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік басқару органдарын ұстауға арналған республикалық бюджет қаржысы есебінен Агенттік аппаратын ұстау үшін қажетті қаражат қарастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігі Агенттікті жиһазбен, компьютерлік және көбейту техникаларымен, телефон байланысымен жабдықтау және оның қызметіне қатысты басқа да қажетті жағдайлар жасау мәселелерін шешсін.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Агенттік туралы Ереженің жобасын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК